<p><b>10. САТУШЫ КЕПІЛДІКТЕРІ</b></p> <p>10.1 Сатушы сатып Алушыға кепілдік сапасы жеткізілетін Тауар. Кепілдік кезеңі өндірісті іске қосу сәтінен бастап өндіруші стандарттарына сәйкес анықталады</p> <p>Кепілдік мерзімі ішінде тауардың және/немесе оның бөлігінің сапа ақаулықтары анықталған жағдайда Сатушы осындай ақаулықтарды Сатып алушының тиісті талабын алған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде өз бетімен және өз есебінен жоюға міндеттенеді. Тауарда анықталған ақаулықтарды мерзімде жоймаған жағдайда, Сатып алушы осындай кемшіліктерді жою үшін үшінші тарапты қатыстыруға құқылы, бұл ретте Сатушы Сатып алушының үшінші тұлғаны қатыстыруға байланысты барлық шығындарын Сатып алушының тиісті талабын алған сәттен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде өтейді.</p> <p>10.2 Сатушы осы Шарт бойынша Сатып алушыға жеткізілетін тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға Қазақстан Республикасының уәкілетті органымен тиісті түрде жіберілетіндігіне және Сатушыда Тауарға қатысты оны Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат беретін қажетті құжаты бар екендігіне кепілдік береді.</p> <p>10.3 Сатып алушы Сатушыдан жоғарыда аталған құжатты (егер бұндай құжат жеткізілетін Тауармен қоса ұсынылмаса) осы Шарттың әрекет етуінен тәуелсіз кез келген уақытта талап етуге құқылы, ал Сатушы бұндай құжатты Сатып алушының тиісті талабын алған сәттен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде ұсынуға міндеттенеді. Жоғарыда аталған құжатты ұсынбаған және/немесе уақытылы ұсынбаған жағдайда, Сатушы Сатып алушыға осымен келтірілген барлық шығындарды өтейді.</p> <p>10.4 Сатушы шарт бойынша жеткізілетін тауардың (оның жиынтықтаушыларын қоса алғанда):</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жаңа, бұрын қолданыста болмағандығына, жеткізу мезетіне дейін кемінде 2 жыл бұрын жасалғандығына кепілдік береді, бұл ретте, жеткізу мезетінде ТМҚ шығару күні жарамдылық, консервация мерзімінің немесе кепілдік мерзімінің жартысынан аспауы тиіс;</li> <li>- үшінші тұлғалардың құқығына тәуелді емес, дауда тұрған жоқ, тыйым салынбағандығына кепілдік береді. Аталған ауырпалықтар болған жағдайда, Сатушы мүліктік және/немесе мүліктік емес сипаттағы барлық наразылықтар мен арыздарды өз бетімен және өз есебінен реттейді.</li> </ul> <p>10.5 Сатушы осы Шарт бойынша Сатып алушыға жеткізілетін тауардың, егер ол Кедендік Одақ аумағынан тыс жерде жасалған болса, кедендік органдарда тиісті түрде ресімделгендігіне және оған қатысты барлық кедендік төлемдер мен импорт кезінде Қазақстан</p>	<p><b>10. ГАРАНТИИ ПРОДАВЦА</b></p> <p>10.1 Продавец предоставляет Покупателю гарантию качества на поставляемый Товар.</p> <p>Гарантийный срок эксплуатации определяется согласно норм завода изготовителя с момента ввода Товара в эксплуатацию.</p> <p>В случае выявления дефектов качества Товара и/или его части в течение гарантийного срока, Продавец обязуется самостоятельно и за свой счет устранить такие дефекты в течение 15 (пятнадцати) календарных дней с момента получения соответствующего требования Покупателя. В случае не устранения выявленных дефектов в Товаре в срок, Покупатель вправе привлечь третью сторону для устранения таких недостатков, при этом Продавец возмещает все расходы Покупателя, связанные с привлечением третьей стороны в течение 15 (пятнадцати) календарных дней с момента получения соответствующего требования Покупателя.</p> <p>10.2 Продавец гарантирует, что поставляемый Покупателю по настоящему Договору Товар, надлежащим образом допущен уполномоченным органом Республики Казахстан к применению на территории Республики Казахстан и в отношении Товара у Продавца имеется необходимый документ, разрешающий его применение на территории Республики Казахстан.</p> <p>10.3 Покупатель вправе требовать от Продавца вышеуказанный документ (если такой документ не был представлен вместе с поставляемым Товаром) в любое время вне зависимости от действия настоящего Договора, а Продавец обязуется представить такой документ в течение 10 (десяти) календарных дней с момента получения соответствующего требования Покупателя. В случае не предоставления и/или несвоевременного предоставления вышеуказанного документа, Продавец возмещает Покупателю все причиненные этим убытки.</p> <p>10.4 Продавец гарантирует, что поставляемый по договору Товар (включая его комплектующие):</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- является новым, не бывшим в употреблении, произведен не более чем за 2(два) года до момента поставки, при этом дата выпуска ТМЦ на момент поставки не должна быть более половины срока годности, хранения, консервации либо гарантийного срока;</li> <li>- свободен от прав третьих лиц, в споре, под арестом не состоит. В случае наличия указанных обременений, Продавец урегулирует все претензии и иски имущественного и/или неимущественного характера самостоятельно и за свой счет.</li> </ul> <p>10.5 Продавец гарантирует, что поставляемый Покупателю по</p>



<p>Республикасының заңнамасы бойынша алынатын салықтардың төленгендігіне кепілдік береді.</p>	<p>настоящему Договору Товар, если он произведен за пределами Таможенного Союза, надлежащим образом оформлен в таможенных органах, и в отношении него уплачены все таможенные платежи и налоги, взимаемые по законодательству Республики Казахстан при импорте.</p>
<p><b>11. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ</b></p> <p>11.1 Тауар жеткізудің мерзімін бұзғаны үшін Сатушы мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімді жеткізілмеген тауар құнының 1% мөлшерінде, бірақ осы құнның 20%-нан артық емес, тұрақсыздық айыбын Сатып алушыға төлейді.</p> <p>11.2 Сатушы тауар жеткізуді 5 (бес) күнгізбелік күннен артық өткізіп алған жағдайда, Сатып алушы Сатушыға қандай да бір шығындарын өтеусіз тауарды қабылдаудан бас тартуға және/немесе Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.</p> <p>11.3 Сапасыз және/немесе жиынтықталмаған тауарды жеткізгені үшін Сатушы Сатып алушыға тауардың Шартпен белгіленген жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл төлейді, сонымен қатар Сатып алушыға осымен келтірген барлық шығындарды өтейді.</p> <p>11.4 Сатушы тауарды Шарттың 9.2 тармағымен қарастырылған өз міндеттемелерін бұза отырып жеткізген жағдайда, Сатушы Сатып алушыға осы Шарттың 9.2 тармағымен көзделген бір немесе бірнеше (барлық) құжаттардың түпнұсқалары жоқ болып жеткізілген тауар топтамасы құнының 10% мөлшеріндегі айыппұлды төлеуге міндетті. Аталған жағдайда, Сатып алушы тауарды Сатып алушы (Жүк алушы) қоймасында қабылдаудан біржақты тәртіпте бас тартуға және/немесе тауарды Сатушыға Сатушының есебінен қайтаруға, сонымен қатар, тауардың Сатып алушы (Жүк алушы) қоймасына келіп түсуі сәтінен бастап Сатушының Сатып алушыға тауарды қайтарған немесе жоғарыда аталған құжаттарды нақты берген сәтіне дейінгі мерзімде тауарды жауапты сақтау шығындарын өтеуді Сатушыдан талап етуге құқылы.</p> <p>11.5 Осы Шарттың 9.4 тармағы бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін Сатушы Сатып алушыға Шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге, сондай-ақ Сатып алушыға өзге шығындарды өтеуге міндетті.</p> <p>11.6 Сатушы осы Шартты орындау үшін ТЖҚ сатып алу кезіндегі Ережелерді орындамаған және/немесе Сатушы тауардың шығу жері туралы сертификаттың (СТ KZ) көшermесін ұсынбаған жағдайды, Тапсырыс беруші Шартты бұзу күніне дейін 1 күнгізбелік күн бұрын Жеткізушіні бұл туралы алдын ала хабарлап, Жеткізушіге қандай да бір шығындарды өтеусіз, осы Шартты өз қалауы бойынша бұзуға және/немесе осы Шарттың Жалпы сомасының 10% мөлшеріндегі айыппұл төлеуді, сонымен қатар Шартты осындай бұзумен байланысты келтірілген барлық шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.</p> <p>11.7 Тауарды жеткізуден бас тартқаны үшін Сатушы Сатып алушыға сомасынан шарт бойынша жеткізілген Тауардың 20% мөлшеріндегі айыппұлды төлейді.</p> <p>11.8 Сатушы осы Шарттың 7-тармағымен, 10-тармағымен белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін Тауарды жеткізген жағдайда, Сатып алушы тауарды қабылдаудан бас тартуға және/немесе Сатушыға қандай да бір шығындарын өтеусіз Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.</p> <p>11.9 Сатып алушының кінәсінен төлем уақытылы жүргізілмеген жағдайда, Сатып алушы Сатушыға мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ мерзімі өткен төлем сомасының 10%-нан артық емес, тұрақсыздық айыбын (бірақ шығындарын емес) төлейді.</p> <p>11.10 Сатушы осы Шарт бойынша және/немесе Тараптар арасында жасалған басқа да Шарттар бойынша кез келген міндеттемені тиісті түрде орындамаған жағдайда, Сатушы Сатып алушыға Тараптардың кез келген шарттық құқықтық қатынастары бойынша төленуі тиіс сомадан есептелген тұрақсыздық айыбын (өсімақы, айыппұл, шығын) есепке жатқызу құқығын береді. Сатушы Шарт бойынша төлем мерзімінің өткізілгендігі үшін тұрақсыздық айыбын бұл сомаға есептемейді. Бұл ретте, Сатып алушы бұзылған міндеттеме туралы және жеткізілген Тауар үшін төленуі тиіс сомадан есептелген тұрақсыздық айыбының (өсімақы, айыппұл) есепке жатқызылғандығы туралы Наразылық-хабарламаны құрған күннен бастап 30 күнгізбелік күн ішінде Сатушыға бұзылған міндеттеме туралы Наразылық-хабарламаны жолдайды.</p> <p>11.11 Сатушы салық органдарына ҚР заңнамасында көзделген тәртіпте және мерзімдерде ҚКС бойынша декларацияларды беруге, салықтық есептемеде ҚКС сомаларын көрсетуге және бюджетке ҚКС төлеуді жүзеге асыруға міндетті. Сатушы жоғарыда аталған талапты</p>	<p><b>11. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН</b></p> <p>11.1 За нарушение сроков поставки Товара, Продавец уплачивает Покупателю неустойку в размере 1% от стоимости не поставленного в срок Товара за каждый день просрочки, но не более 10 % этой стоимости.</p> <p>11.2 В случае просрочки Продавцом поставки Товара более чем на 5 (пять) календарных дней, Покупатель вправе отказаться от принятия Товара и/или в одностороннем порядке расторгнуть Договор, без возмещения каких-либо убытков Продавцу.</p> <p>11.3 За поставку некачественного и/или некомплектного Товара Продавец уплачивает Покупателю штраф в размере 20 % от стоимости партии Товара, в которой был обнаружен некачественный и/или некомплектный Товар, а также возмещает Покупателю причиненный этим ущерб.</p> <p>11.4 В случае поставки Продавцом Товара в нарушение собственного обязательства, предусмотренного пунктом 9.2 Договора, Продавец обязан оплатить Покупателю штраф в размере 10% от стоимости поставленной партии Товара, по которой отсутствует оригинал одного или нескольких (всех) документов, предусмотренных пунктом 9.2 настоящего Договора. В указанном случае, Покупатель вправе в одностороннем порядке отказаться от приемки Товара на складе Покупателя (Грузополучателя) и/или возвратить Товар Продавцу за счет Продавца, а также требовать от Продавца возмещения расходов по ответственному хранению Товара за период с момента прибытия Товара на склад Покупателя (Грузополучателя) до момента фактической передачи вышеуказанных документов либо возврата Товара Продавцом Покупателю.</p> <p>11.5 За неисполнение обязательства по пункту 9.4 настоящего Договора, Продавец обязан оплатить Покупателю штраф в размере 10% от общей суммы Договора, а также возместить Покупателю иные убытки.</p> <p>11.6 В случае непредставления Продавцом копии сертификата о происхождении Товара (СТ KZ), Покупатель вправе по своему усмотрению расторгнуть настоящий Договор без возмещения Поставщику каких-либо убытков, предварительно уведомив об этом Поставщика за 1 (один) календарный день до даты расторжения Договора и/или потребовать уплаты штрафа в размере 10% от Общей суммы настоящего Договора, а также возмещения всех понесенных убытков, связанных с таким нарушением Договора.</p> <p>11.7 За отказ от поставки Товара, Продавец уплачивает Покупателю штраф в размере 20% от суммы не поставленного по договору Товара.</p> <p>11.8 В случае поставки Продавцом Товара, несоответствующего условиям, определенных в разделах 7, 10 настоящего Договора, Покупатель вправе отказаться от принятия Товара и/или в одностороннем порядке расторгнуть Договор без возмещения Продавцу каких-либо убытков.</p> <p>11.9 В случае несвоевременной оплаты по вине Покупателя, Покупатель уплачивает Продавцу неустойку (но не убытки) в размере 0,1% суммы просроченного платежа за каждый день просрочки, но не более 10% суммы просроченного платежа.</p> <p>11.10 В случае ненадлежащего исполнения Продавцом любого из обязательств по настоящему Договору и/или по другим, заключенным между Сторонами Договорам, Продавец предоставляет право Покупателю произвести зачет начисленной неустойки (пени, штраф, убытков) из суммы, подлежащей к оплате по любым договорным правоотношениям Сторон. Неустойка за просрочку платежа по Договору на эту сумму Продавцом не начисляется. При этом Покупатель направляет Продавцу Претензию-уведомление о нарушенном обязательстве в течение 30 (тридцати) календарных дней, с даты составления Претензии-уведомления о нарушенном обязательстве, и произведенном зачете начисленной неустойки (пени, штраф) из суммы, подлежащей к оплате за поставленный Товар.</p> <p>11.11 Продавец обязан предоставлять в налоговые органы в порядке, предусмотренном налоговым законодательством РК декларации по НДС, отражать суммы НДС в налоговой отчетности и осуществлять уплату НДС в бюджет. В случае неисполнения</p>

<p>орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Сатушы Сатып алушыға мұнымен келтірілген барлық шығындарды өтеуге міндетті.</p> <p>11.12 Сатушы ҚҚС бойынша өзінің салықтық есептемесінде Сатып алушымен болған өзара есеп айырысулар бойынша барлық айналымдарды көрсетуге міндетті. Қарсы тексеріс кезінде және Сатушының ТБЖ (Тәуекелдерді басқару жүйесі) бойынша есептемесінде салықтық органдар оның (Сатушының) Сатып алушы тарапына жүзеге асыру бойынша айналымдарды жасыру фактісін анықтаса, Сатушы Сатып алушы талабы бойынша оған «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 635-бабының 5,6,9 тармақтарына сәйкес қайтарымнан шығарып тасталынған ҚҚС-ң сомаларын 1,5 есе мөлшерде өтеуге және бұл ретте өзара есеп айырысуларды салыстырудың тиісті актісіне қол қоюға міндетті. Бұл ретте, Сатушының ҚҚС сомаларын мағлұмдау бойынша өз міндеттемелерін орындамауы туралы негіз болып салық органдарының тексеріс актілері табылады.</p> <p>11.13. Ауысқан жағдайда, үзінді көшірмені және шот-фактураларды электрондық түрде Сатушы жазбаша хабарлауға міндетті сатып Алушының 30 күн шыққанға дейін осындай электрондық құжаттар.</p> <p>11.14. Енгізу Сатушы өзгерістер берілген мекен-сатып Алушының электрондық шот-фактуралар бойынша ғана жүзеге асырылады алдын-ала жазбаша келісімін Сатушы. Орындамағаны үшін осы тармақтың Сатушы төлейді, сатып Алушыға айыппұл сомасының 10% көлемінде осы келісім-Шарттың.</p> <p>11.15 Жағдайда, сапасыз Тауар жеткізу Сатушы төлейді, сатып Алушыға шығындар бойынша жеткізілген Тауарды жауапты сақтау қоймасында сатып Алушының есебімен 200 теңге бір шаршы метр үшін ҚҚС-ты ескере отырып тәулігіне мерзімінің аяқталуы бойынша ауыстыру/шығару көрсетілген Тауардың п. 9.6.4 Шарт.</p> <p>11.16 Сатушы тауардың дайындық дәрежесі, оны жасау кезеңі, тауардың орналасқан орны, оны жөнелту күні, жеткізу күні және өзге қажетті ақпаратты Сатып алушының сұрау салуы бойынша ұсынуға міндетті. Осы ақпарат Сатушымен жазбаша түрде ұсынылады және фотографиялармен, бейне есептемелермен және өзге құжаттармен расталуы тиіс. Сатып алушы Тауарларды тексеріп қарау, тексеру немесе сынау мақсатында кез келген уақытта Тауарларды жасау орнына баруға құқылы.</p> <p>Сатушы Тауарды тексеріп қарау, тексеру немесе сынау үрдісінде Сатып алушыға көмектесуге, Тауарды жасау және/немесе құрастыру орындарына, Тауар жөніндегі құжаттарға немесе мәліметтерге қол жеткізілімділікті қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей Сатып алушыға ұсынуға, Сатып алушының барлық сұрақтарына дереу жауап беруге міндетті.</p> <p>Тауарлардың Сатып алушымен тексеріп қаралуы, тексерілуі немесе сыналуы Сатушыны осы Шартқа сәйкес өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.</p> <p>Тексеру барысында Тауарлардың Шарттың және (немесе) тиеу жөніндегі Тапсырыстың талаптарына сәйкессіздігі немесе ақаулық анықталған кезде, Сатып алушы мұндай ақаулықты немесе сәйкессіздікті хабарламада көрсетілген ақылға қонымды мерзімде жою талабымен хабарламаны Сатушыға жолдай алады, ал Сатушы хабарламада баяндалған талаптарды орындауға міндеттенеді.</p> <p>Сатушы осы Шарттың 11.14 тармағының талаптарын орындаудан бас тартқаны үшін Сатып алушыға Шарттың жалпы сомасының 20% мөлшеріндегі айыппұлды төлейді.</p>	<p>и/или ненадлежащего исполнения Продавцом вышеуказанного условия Продавец обязан возместить Покупателю все причиненные этим убытки.</p> <p>11.12 Продавец обязан в своей налоговой отчетности по НДС отражать все обороты по взаиморасчетам с Покупателем. В случае, если при встречной проверке и по отчету СУР (Система управления рисками) Продавца налоговыми органами будет установлен факт сокрытия им (Продавцом) оборотов по реализации в адрес Покупателя, Продавец обязан по требованию Покупателя возместить ему в 1,5 кратном размере суммы НДС, исключенные из возврата в соответствии с пунктами 5,6,9 статьи 635 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» и подписать при этом соответствующий акт сверки взаиморасчетов. При этом основанием, свидетельствующим о неисполнении Продавцом своих обязательств по декларированию сумм НДС, служат акты проверки налоговых органов.</p> <p>11.13. В случае перехода на выписку счет-фактур в электронном виде Продавец обязан письменно уведомить Покупателя за 30 дней до выписки таких электронных документов.</p> <p>11.14 Внесение Продавцом изменений в выставленные в адрес Покупателя электронные счета-фактуры, осуществляется только с предварительного письменного согласования с Продавцом. За неисполнение данного пункта, Продавец уплачивает Покупателю штраф в размере 10 % от суммы настоящего Договора.</p> <p>11.15 В случае поставки некачественного Товара Продавец оплачивает Покупателю затраты по ответственному хранению поставленного Товара на складе Покупателя из расчета 200 тенге за один квадратный метр с учетом НДС в сутки по истечению срока замены/вывоза Товара, указанного в п.9.6.4 Договора.</p> <p>11.16 Продавец обязан по запросу Покупателя предоставлять информацию о степени готовности Товара, стадии его изготовления, местонахождении Товара, даты его отгрузки, даты поставки и другой необходимой информации. Данная информация предоставляется Продавцом письменно и должна подтверждаться фотографиями, видеоотчётами и другими документами. Покупатель может в любое время посетить место изготовления Товаров с целью осмотра, проверки или испытания Товаров. Продавец обязан содействовать Покупателю в процессе проведения осмотра, проверки или испытания Товара, включая, но не ограничиваясь, предоставлять Покупателю доступ к местам изготовления и/или сборки Товара, документам или сведениям на Товар, незамедлительно отвечать на все вопросы Покупателя. Осмотр, проверка или испытание Товаров Покупателем не освобождает Продавца от выполнения своих обязательств в соответствии с Договором.</p> <p>При обнаружении дефекта или несоответствия Товаров условиям Договора и (или) Заказа на отгрузку в ходе проверки, Покупатель может направить Продавцу уведомление с требованием устранить такой дефект или несоответствие в разумный срок, указанный в уведомлении, а Продавец обязуется выполнить условия, изложенные в уведомлении.</p> <p>За отказ Продавца от выполнения условий пункта 11.14 настоящего Договора, Продавец уплачивает Покупателю штраф в размере 20% от общей суммы Договора.</p>
<p><b>12. ФОРС-МАЖОР</b></p> <p>12.1. Тараптар осы Шартты жасасқаннан кейін Тарап үшін осы Шартты орындау оның өз еркінен тәуелсіз себептер (форс-мажор жағдайлары) бойынша объективті мүмкін болмайтын жағдайлар туындаған кезде, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі мұндай жағдайлар әрекет еткен мерзімге сәйкес шегеріледі, бірақ 45 күннен артық емес. Кері жағдайда, Тараптардың кез келгені Шартты бұзуға, ол туралы басқа тарапты алдына ала жазбаша хабарландырып, құқылы.</p> <p>12.2. Форс-мажор жағдайларының болу дерегін растайтын құжаттар болып Қазақстан Республикасының бұған уәкілетті мемлекеттік органы немесе форс-мажор орын алған ұйымы берген тиісті құжаттар (анықтамалар, сертификаттар және т.с.с.) табылады. Міндеттемелерді орындауға форс-мажор жағдайлары кедергі келтіретін Тарап мұндай жағдайлар орын алған сәттен бастап 20 күнгізілген күн ішінде басқа тарапқа мұндай құжаттарды ұсынуға міндетті. Форс-мажор жағдайларының пайда болуы туралы уақытында хабарламау тарапты Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны үшін</p>	<p><b>12. ОБСТОЯТЕЛЬСТВА НЕПРЕОДОЛИМОЙ СИЛЫ (ФОРС-МАЖОР)</b></p> <p>12.1. В случае наступления после заключения Сторонами настоящего Договора обстоятельств, при которых объективно невозможно для Стороны исполнить настоящий Договор по независящим от ее воли причинам (обстоятельства форс-мажор), срок исполнения обязательств по настоящему Договору отодвигается соразмерно времени, в течение которого такие обстоятельства действуют, но не более 45 дней. В противном случае любая из Сторон имеет право расторгнуть Договор, предварительно письменно уведомив об этом другую сторону.</p> <p>12.2. Документами, подтверждающими факт свершения обстоятельства форс-мажор, являются соответствующие документы (справки, сертификаты, акты и т.п.), выданные уполномоченным на то государственным органом или организацией Республики Казахстан, где обстоятельства форс-мажор имели место. Сторона, исполнение обязательств которой препятствуют обстоятельства форс-мажор, обязана в течение 20 (двадцати) календарных дней с</p>



<p>жауапкершіліктен босататын негіз ретінде кез келген форс-мажордың жағдайына сілтеме жасау құқығынан айырады.</p>	<p>момента свершения таких обстоятельств предоставить такие документы другой Стороне. Несвоевременное уведомление о наступлении обстоятельств форс-мажора лишает Сторону права ссылаться на любое обстоятельство форс-мажор как на основание, освобождающее от ответственности за неисполнение своих обязательств по Договору.</p>
<p><b>13. ДАУЛАРДЫ ҚАРАУ</b>  13.1 Осы Шартты орындау кезінде пайда болуы мүмкін барлық дауларды Тараптар келіссөз жүргізу арқылы шешеді. Дауларды шешудің сотқа дейінгі (наразылық) тәртібі Тараптар үшін міндетті болып табылады. Назарылықтарды қарау мерзімі оларды алу сәтінен бастап 30 жұмыс күн. Дау реттелмеген жағдайда, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сатып алушының орналасу жері бойынша сот органдарына қаралуға жіберіледі. Қолданылатын құқық – Қазақстан Республикасының материалдық құқығы.</p>	<p><b>13. РАССМОТРЕНИЕ СПОРОВ</b>  13.1 Все споры, которые могут возникнуть при исполнении настоящего Договора, Стороны разрешают путем переговоров. Досудебный (претензионный) порядок разрешения споров обязателен для Сторон. Срок рассмотрения претензий составляет 30 (тридцать) рабочих дней с момента ее получения. В случае не урегулирования спора, он передается на рассмотрение в судебные органы по месту нахождения Покупателя в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Применимое право – материальное право Республики Казахстан.</p>
<p><b>14. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕСКЕРТПЕ</b>  14.1 Әрбір тарап (бұл терминге осы қағидалардың мақсаттары үшін әрбір Тараптың барлық қызметкерлері, агенттері, өкілдері, үлестес тұлғалары, сонымен қатар олар тартатын және олардың атынан әрекет ететін басқа тұлғалар енеді) осы Шарт бойынша жеткізілетін (көрсетілетін) тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша екінші Тарапқа, оның қызметкерлеріне, агенттеріне, өкілдеріне потенциалды клиенттеріне, үлестес тұлғаларына, сондай - ақ басқа Тарап тартатын және олардың атынан әрекет ететін басқа тұлғаларға, мемлекеттік қызметкерлерге, үкіметаралық ұйымдарға, саяси партияларға, жеке тұлғаларға және басқа да тараптарға («Тартылған тараптар») пара (оның ішінде, шектеусіз, төлем жасаудың кез келген түрін, сыйлықтарды, және басқа да мүлтік пайдаларды, сыйақылар мен жеңілдіктерді (акша немесе кез келген құндылықтар түрінде) бермейтініне және беруге тырыспайтынына келіседі.  14.2 Әрбір Тарап екінші Тарапқа Шартты жасасу күніне дейін осы Шартқа байланысты басқа Тараппен белгілі бір іскерлік қарым-қатынастарды орнату және (немесе) мерзімін ұзарту мақсатында Тартылған тараптарға пара бермегені және беруге тырыспағаны туралы мәлімдейді және кепіл етеді.  14.3 Әрбір Тарап ол құрылған немесе тіркелген және өзінің іс-әрекетін жүзеге асыратын барлық елдердің парақорлыққа және ақшаның жылыстауына қарсы заңдарымен танысқанын және аталған заңдарды сақтайтынын қабылдайды және келіседі.  14.4 Әрбір Тарап парақорлыққа және ақшаның жылыстауына қарсы заңдарды басқа Тараптың бұзуына әкелетін белгілі бір іс-әрекеттерді жасамауға және өзі біле тұра жасалуына жол бермейтініне келіседі.  14.5 Тараптар олардың бухгалтерлік құжаттамаларында осы Шарт бойынша жасалатын барлық төлемдері көрсетілуіне келіседі.  14.6 Егер Тараптың біріне парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет туралы осы қағидалардың біреуінің нақты немесе болжамды бұзушылығы туралы мәлім болса, ол тез арада екінші Тарапқа сол туралы хабарлауға және осы іс бойынша жүргізілетін тергеуде жәрдемдесуге тиіс.  14.7 Тараптар өздерінің қызметкерлеріне парақорлық фактілерінің немесе пара беру әрекеттерінің алдын алу үшін қажет сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен процедураларды әзірлеуге және оларды ұстануға келіседі. 12.8 Әрбір Тарап өз Орындаушыларының, кеңесшілерінің, агенттерінің және осы Шарт бойынша оның атынан қызмет көрсететін басқа тұлғаларының парақорлық фактілерінің немесе пара беру әрекеттерінің алдын алу бойынша процедураларын орындауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.  14.8 Тараптар осы Шарттың басқа да қағидаларымен қарастырылған шартты бұзу (орындаудан бас тарту) құқықтарына қосымша ретінде бұзбайтын Тарап екінші Тарап парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер туралы қағиданы бұзатын болса осы Шартты тез арада бұзуға (орындауда бас тартуға) құқылы, бұл жағдайда екінші Тарап осы парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер туралы қағиданы бұзуға байланысты емес төлемдерден, осы Шарт бойынша оның бұзылуына дейін тиісті түрде жеткізілген (орындалған, көрсетілген) тауарлар (жұмыстар, қызметтер) үшін төлемдерден басқа осы Шарт аясындағы қосымша төлемдерді жасауды талап етуге құқығы жоқ.  14.10 Тараптардың әрқайсысы осы Шарт бойынша басқа Тарапқа тиесілі болуы мүмкін қандай да бір төлемдерді жүзеге асыру бойынша міндеттемелерден босатылады, егер мұндай төлемдер, оған қатысты мұндай басқа Тарап осы сыбайлас жемқорлық пен пара беруге қарсы іс-қимылдар туралы ережелерді бұзуға жол берген, транзакциямен байланысты болса.</p>	<p><b>14. АНТИКОРРУПЦИОННАЯ ОГОВОРКА</b>  14.1 Каждая Сторона (данный термин включает всех работников, агентов, представителей, аффилированных лиц каждой из Сторон, а также других лиц, привлекаемых ими или действующих от их имени) соглашается, что она не будет в связи с Товарами (работами, услугами), поставляемыми (оказываемыми) по настоящему Договору, давать или пытаться давать взятки (включая, без ограничения, любые формы оплаты, подарки и прочие имущественные выгоды, вознаграждения и льготы (в виде денег или любых ценностей) другой Стороне, ее работникам, агентам, представителям, потенциальным клиентам, аффилированным лицам, а также другим лицам, привлекаемым другой Стороной или действующим от ее имени, государственным служащим, межправительственным организациям, политическим партиям, частным лицам и прочим сторонам («Вовлеченные стороны»)).  14.2 Каждая Сторона заявляет и гарантирует другой Стороне, что до даты заключения Договора она не давала и не пыталась давать взятки Вовлеченным сторонам с целью установления и (или) продления каких-либо деловых отношений с другой Стороной в связи с настоящим Договором.  14.3 Каждая Сторона признает и соглашается с тем, что она ознакомилась с законами против взяточничества и отмывания денег всех стран, в которых она учреждена или зарегистрирована и в которых она осуществляет свою деятельность, и будет соблюдать указанные законы.  14.4 Каждая из Сторон соглашается с тем, что она не будет совершать и не допустит со своего ведома совершения каких-либо действий, которые приведут к нарушению другой Стороной применимых законов против взяточничества или отмывания денег.  14.5 Стороны соглашаются с тем, что их бухгалтерская документация должна точно отражать все платежи, осуществляемые по настоящему Договору.  14.6 Если одной из Сторон станет известно о фактическом или предположительном нарушении ею какого-либо из настоящих положений о противодействии взяточничеству и коррупции, она должна немедленно поставить об этом в известность другую Сторону и оказать ей содействие в расследовании, проводимому по данному делу.  14.7 Стороны соглашаются разработать для своих сотрудников и следовать политикам и процедурам по борьбе с коррупцией, необходимым для предотвращения фактов взяточничества или попыток дачи взяток.  14.8 Каждая Сторона обязуется обеспечить выполнение своими подрядчиками, консультантами, агентами и другими лицами, предоставляющими услуги от ее имени по настоящему Договору, процедур по предотвращению фактов взяточничества или попыток дачи взяток.  14.9 Стороны соглашаются, что в дополнение к правам на расторжение (отказ от исполнения), предусмотренным другими положениями настоящего Договора, не нарушающая Сторона имеет право немедленно расторгнуть (отказаться от исполнения) настоящий Договор в случае нарушения другой Стороной настоящих положений о противодействии взяточничеству и коррупции, и при этом другая Сторона не вправе требовать какие-либо дополнительные платежи в рамках настоящего Договора, кроме платежей, не связанных с нарушением настоящих положений о противодействии взяточничеству и коррупции, за Товары (работы, услуги), надлежащим образом поставленные</p>

	<p>(выполненные, оказанные) по настоящему Договору до его расторжения.</p> <p>14.10 Каждая из Сторон освобождается от обязательств по осуществлению каких-либо платежей, которые могут причитаться другой Стороне по настоящему Договору, если такие платежи связаны с транзакцией, в отношении которой такая другая Сторона допустила нарушение настоящих положений о противодействии взяточничеству и коррупции.</p>
<p><b>15. ҚҰПИЯЛЫҚ</b></p> <p>15.1 Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және/немесе осы Шарт талаптарына сәйкес Тараптар үшін мұндай ақпаратты және/немесе құжаттаманы беру міндетті болып табылған жағдайларды қоспағанда, осы Шарт бойынша бір-бірінен алынған барлық ақпаратты және/немесе құжаттаманы үшінші тұлғаларға жария етпеуге, құпиялыққа кепілдік береді. Кез келген Тарап Шарттың осы тармағымен қарастырылған міндеттемелерді бұзған жағдайда, айыпты Тарап басқа Тарапқа мұнымен келтірілген барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді.</p> <p>Жоғарыда айтылғанға қарамастан, Тараптар осы Шарт бойынша алынған кез келген ақпарат немесе құжаттар құпиялылық тәртібін сақтаумен KAZ Minerals Тобының компанияларына беріліп, ашылуы мүмкін екендігі жайында келісті. KAZ Minerals Тобының компаниялары мағынасында KAZ Minerals PLC компаниясы тікелей немесе жанама түрде бақылау жасайтын, немесе оның жалпы бақылауындағы компаниялар, олардың филиалдары, өкілдіктері мен еншілес компаниялары түсініледі.</p> <p>Занды күшіне енген сот шешімдерін қоса алғанда, әрекеттердің тиісті құжаттармен негізделген, дәлелденген және расталған нақты залал келтіру жағдайларын қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша алынған ақпарат пен құжаттарды KAZ Minerals Тобы компанияларына тарату және беру үшін жауапкершіліктің кез келген түрін алып тастау жайында келісті.</p> <p>15.2 Сатушы өз қызметкерлерінің және басқа тұлғалардың бұқаралық ақпарат құралдарында (интернет, әлеуметтік желілер, газеттер, теледидар және т.б.) осы келісім (келісімшарт, шарт) шеңберінде немесе KAZ Minerals Тобы компанияларымен және олардың қызметкерлерімен басқа да қарым-қатынастар барысында алынуы мүмкін KAZ Minerals Тобы компанияларының қызметімен байланысты фото, видео, мәтіндік басылымдарды пайдалануына және жариялауына жол бермеуге міндеттеледі.</p>	<p><b>15. КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТЬ</b></p> <p>15.1 Стороны гарантируют конфиденциальность, не разглашение третьим лицам всей полученной друг от друга информации и/или документации по настоящему Договору, за исключением случаев, когда предоставление такой информации и/или документации обязательно для Сторон в соответствии с условиями настоящего Договора и/или действующим законодательством Республики Казахстан. В случае нарушения любой из Сторон обязательства, предусмотренного настоящим пунктом Договора, виновная Сторона обязуется возместить другой Стороне все причиненные этим убытки.</p> <p>Несмотря на вышесказанное, Стороны договорились, что любая информация и документы, полученные по настоящему Договору могут быть переданы и раскрыты компаниям Группы KAZ Minerals с соблюдением режима о конфиденциальности. Под компаниями Группы KAZ Minerals понимаются компании, их филиалы, представительства и дочерние компании, прямо или косвенно контролируемые, или находящиеся под общим контролем компании KAZ Minerals PLC.</p> <p>Стороны согласились об исключении любой формы ответственности за распространение и передачу компаниям Группы KAZ Minerals информации и документов, полученных по настоящему Договору, за исключением случаев, если указанными действиями был причинен реальный ущерб, который обоснован, доказан и подтвержден соответствующими документами, включая вступившее в законную силу решение суда.</p> <p>15.2 Продавец обязуется не допускать использование и публикацию своими работниками и иными лицами в средствах массовой информации (интернет, социальные сети, газеты, телевидение и др.) фото, видео, текстовых публикаций и иной информации, связанной с деятельностью компаний Группы KAZ Minerals, которая может быть получена в рамках настоящего соглашения (контракта, договора), или в процессе иных взаимоотношений с компаниями Группы KAZ Minerals и ее работниками. В случае неисполнения обязательств, предусмотренных настоящим пунктом, Продавец обязуется возместить Покупателю причиненный этим ущерб.</p>
<p><b>16. ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР</b></p> <p>16.1 Осы шартқа барлық толықтырулар мен қосымшалар, олар жазбаша түрде жасалған және оған бұған уәкілетті өкілдер қол қойған және екі Тараптың мөрмен бекітілген жағдайда ғана жарамды.</p> <p>16.2 Тараптардың бірде біреуінің Шарт бойынша өз құқықтарын және/немесе міндеттемелерін оған басқа тараптың жазбаша келісуісіз үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.</p> <p>16.3 Шартқа қол қойылған сәттен бастап осы Шарттың тақырыбы мен талаптарына қатысты Тараптардың бұрын жасалған ауызша немесе жазбаша келісулері өз күшін жояды.</p> <p>16.4 Шарттың, қосымшалары мен толықтырулардың және Шартқа қатысты өзге құжаттардың факсимильдік және электрондық көшірмелері Тараптар тиісті құжаттың түпнұсқасын алғанға дейін заңды күшке ие. Жоғарыда аталған кез келген құжатты факс немесе электрондық пошта бойынша жолдаған Тарап кейінгі 3 (бес) күн ішінде тиісті құжаттың түпнұсқасын басқа тарапқа жолдауға міндетті.</p> <p>16.5 Шарт бірдей заңды күшке ие мемлекеттік (қазақ) және орыс тілдерінде үш данада құрылған, олардың екі данасы Сатып алушыға, бір данасы Сатушыға беріледі.</p>	<p><b>16. ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ</b></p> <p>16.1 Все дополнения и приложения к Договору действительны лишь при условии, что они совершены в письменной форме, подписаны уполномоченными на то лицами и скреплены печатями обеих Сторон.</p> <p>16.2 Ни одна из Сторон не вправе передавать свои права и/или обязательства по Договору третьим лицам без письменного согласия на то другой стороны.</p> <p>16.3 С момента подписания Договора все предыдущие устные или письменные договоренности Сторон в отношении предмета и условий настоящего Договора теряют свою силу.</p> <p>16.4 Электронные копии Договора, приложений, дополнений и иных документов, относящихся к Договору, имеют юридическую силу до получения Сторонами оригинала соответствующего документа. Сторона, направившая по электронной почте, указанной в разделе 18 настоящего Договора какой-либо из вышеназванных документов, обязана в течение последующих 3 (трех) дней направить оригинал соответствующего документа другой стороне.</p> <p>16.5 Договор составлен в трех экземплярах на государственном (казахском) и русском языках, имеющих одинаковую юридическую силу, из которых два экземпляра передаются Покупателю, один – Продавцу.</p>
<p><b>17. ЖҰМЫСҚА ӘДІЛ ТҮРДЕ ҚАБЫЛДАУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕР</b></p> <p>17.1 Тараптар осы Келісімде (шартта, мәміледе, меморандумда) қарастырылған міндеттемелерін қызметкерлерінің әлеуметтік құқықтарын тиісті түрде және өндірістік операциялардың қоршаған</p>	<p><b>17. ПОЛОЖЕНИЯ О СПРАВЕДЛИВЫХ УСЛОВИЯХ НАЙМА И ПОРЯДКЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ С ПОСТАВЩИКАМИ</b></p> <p>17.1 Стороны обязуются выполнять свои обязательства, предусмотренные в настоящем Соглашении (договоре, контракте, меморандуме), с надлежащим соблюдением социальных прав своих работников и допустимым воздействием производственных</p>

<p>ортаға және өндірістік объектілердің қасында тұратын жергілікті халыққа ықпалын сактай отырып орындауға міндеттенеді.</p> <p>17.2 Тараптар осы Келісімде (шартта, мәміледе, меморандумда) қарастырылған міндеттемелерін <a href="http://www.kazminerals.com">www.kazminerals.com</a> веб-сайтында орналастырылған Жұмысқа әділ түрде қабылдау шарттары туралы кодекстің қағидаларына және Жабдықтаушылармен өзара әрекеттесу регламентіне сәйкес орындауға міндеттенеді.</p> <p>17.3 Тараптар мыналарға кепілдік береді және куәландырады:</p> <p>(i) өз қызметінде мәжбүрлі еңбек, құлдық және адамдарды сатуды болдырмау мақсатында өз еңбек тәжірибесін меңгерді, және Тараптарға белгілі болғандай, тікелей жабдықтаушылардың (контрагенттердің) қызметінде де мәжбүрлі еңбек, құлдық және адамдарды сату фактілеріне жол берілмейді;</p> <p>(ii) өз қызметтерінің Келісімнің «Жұмысқа әділ түрде қабылдау шарттары туралы Ережелер» бөлімінде баяндалған кепілдіктер мен сенімдерге сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында осы Келісімнің әрекет ету мерзімінде қисынды қажетті ішкі үдерістер мен тәртіптерді енгізді; және</p> <p>(iii) Келісімнің «Жұмысқа әділ түрде қабылдау шарттары туралы Ережелер» бөлімінде баяндалған кепілдіктерінің Келісімнің әрекет ету мерзімінде өз күшінде қалуы үшін қажетті және мүмкін шараларды қабылдады және болашақта қабылдайды.</p> <p>17.4 Келісімнің осы бөлімінде «мәжбүрлі еңбек», «құлдық» және «адамдарды сату» терминдерін Халықаралық еңбек ұйымында («ХЕҰ») пайдаланатын анықтамаларға, сонымен қатар ХЕҰ қолданыстағы және болашақ конвенцияларға сәйкес түсіндіру қажет.</p>	<p>операций на окружающую среду и местное население, проживающее вблизи производственных объектов.</p> <p>17.2 Стороны обязуются выполнять свои обязательства по настоящему Соглашению (договору, контракту, меморандуму) в соответствии с принципами Кодекса о справедливых условиях найма и Регламента взаимодействия с поставщиками, размещенных на веб-сайте <a href="http://www.kazminerals.com">www.kazminerals.com</a>.</p> <p>17.3 Стороны гарантируют и заверяют, что:</p> <p>(i) изучили свою трудовую практику в целях недопущения принудительного труда, рабства и торговли людьми в своей деятельности и, насколько известно Сторонам, в деятельности их непосредственных поставщиков (контрагентов) также не допускаются факты принудительного труда, рабства и торговли людьми;</p> <p>(ii) внедрили разумно необходимые внутренние процессы и процедуры, в целях обеспечения соответствия своей деятельности гарантиям и заверениям, изложенным в настоящем разделе Соглашения «Положения о справедливых условиях найма», на протяжении всего срока действия настоящего Соглашения; и</p> <p>(iii) предприняли и предпримут в будущем все необходимые и возможные меры, чтобы гарантии, указанные в настоящем разделе Соглашения «Положения о справедливых условиях найма», оставались в силе на протяжении всего срока действия Соглашения.</p> <p>17.4 В настоящем разделе Соглашения термины «принудительный труд», «рабство» и «торговля людьми» следует толковать в соответствии определениями, используемыми Международной организацией труда («МОТ»), а также в соответствии с действующими и будущими конвенциями МОТ.</p>
---	--

**18. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ, ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ / ЮРИДИЧЕСКИЕ АДРЕСА, РЕКВИЗИТЫ СТОРОН:**

Сатушы:	<b>Продавец:</b>
---------	------------------

\_\_\_\_\_ ( \_\_\_\_\_ )

**МШ/МО**

<p><b>Сатып алушы</b>  <b>«Шығыстүстімет» ЖШС</b>          Заңды мекен-жайы:          Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Александр Протозанов атындағы к., 121, телефон: 59-35-40, 59-35-59. (20073)  <a href="mailto:anton.zemlyanoy@Kazminerals.com">anton.zemlyanoy@Kazminerals.com</a>          БСН 140740012829          ЖСК KZT KZ666010151000205076          SWIFT BIC HSBKZZKX          «Қазақстанның Халық банкі» АҚ, КБЕ 17          Банктің заңды мекен-жайы:          070004, ШҚО, Өскемен қ., М.Горький к., 57 А  <b>Тағайындалым бекеттері:</b>          ҚР, ШҚО, Бородулиха ауданы, Жезкент қ.          ҚР, ШҚО, Шемонаиха ауданы, Усть-Таловка к., Металлургтер к., 6          ҚР, ШҚО, Глубокое ауданы, Глубокое к., Берестов к., 53</p>	<p><b>Покупатель</b>  <b>ТОО «Востокцветмет»</b>          Юридический адрес:          Республика Казахстан, Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск, ул. имени Александра Протозанова 121, телефон: 59-35-40, 59-35-59. (20073)  <a href="mailto:anton.zemlyanoy@Kazminerals.com">anton.zemlyanoy@Kazminerals.com</a>          БИН 140740012829          ИИК в KZT KZ666010151000205076          SWIFT BIC HSBKZZKX          АО «Народный Банк Казахстана», КБЕ 17          Юридический адрес Банка:          070004 г. Усть-Каменогорск, ВКО, ул. М.Горького, 57 А  <b>Пункты назначения:</b>          РК, ВКО, Бородулихинский район, п.Жезкент          РК, ВКО, Шемонаихинский район, п.Усть-Таловка, ул.Металлургов, 6          РК, ВКО, Глубоковский район, п.Глубокое, ул.Берестова, 53</p>
--	--

\_\_\_\_\_ ( \_\_\_\_\_ )

**МШ/МО**